

"Жеке тұлғалардың тауарларды Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы өткізуінің кейбір мәселелері" туралы

Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2005 жылғы 9 наурыздағы N 217 Қаулысына түсініктеме

Қазақстан Республикасының Үкіметі Кеден және Салық кодекстерінің нормаларын орындау үшін Үкіметтің "Жеке тұлғалардың тауарларды Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы өткізуінің кейбір мәселелері" туралы 2005 жылғы 9 наурыздағы N 217 қаулысын (бұдан әрі - Қаулы) бекітті.

Қаулы қабылданғанға дейін жеке тұлғалардың тауарларды өткізу тәртібі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 31 мамырдағы N 741 қаулысымен бекітілген жеке тұлғалардың тауарларды өткізу шарттары және нормалармен қатар кедендік құннан 2 пайызға тең, бірақ, 0,02-2 еуро/кг-дан кем емес әкелінетін тауарларға арналған кеден баждарының бірыңғай ставкасы бекітілген Жеке тұлғалардың тауарларды Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы оңайлатылған, жеңілдетілген тәртіппен өткізу ережесімен регламенттелген. Бұл ретте 15 пайыз ҚҚС-ты жеке тұлға ж е к е т ө л е д і .

Қаулы жеке тұлғалардың республиканың кеден шекарасы арқылы тауарларды өткізуінің белгілі бір шарттарын бекітуді көздейді, атап айтқанда:

- 1) тауарлардың мақсатқа арналуын айқындаудың өлшемдері;
- 2) кедендік төлемдерден, салықтардан толық босатыла отырып және тарифтік емес реттеу шаралары қолданылмастан уақытша әкелуге/ уақытша әкетуге рұқсат етілетін т а у а р л а р д ы ң т і з б е с і ;
- 3) оңайлатылған тәртіппен әкелетін тауарларға жиынтық кедендік төлем;
- 4) жеңілдетілген тәртіп көзделмеген тауарлардың салмақтық және құндық н о р м а л а р ы ;
- 5) тауарларды жеңілдетілген тәртіппен өткізуінің шарттары мен нормалары;
- 6) акциздер салуға жатпайтын акцизделетін тауарларды импорттау нормалары;
- 7) тауарларды халықаралық почта жөнелтімдерімен өткізудің шарттары мен н о р м а л а р ы .

Жеке тұлғалар Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы өткізетін тауарлар егер, олар тауарлардың мақсатқа арналуын айқындаудың өлшемдеріне сәйкес болмаса өндірістік немесе өзге де кәсіпкерлік қызмет мақсатына арналған деп қарастырылады. Осы орайда бұл көрсеткіштер Қазақстан Республикасына/нан тұрақты тұруға қоныс аударатын жеке тұлғалар оларды өткізген кезде пайдалануда болған тауарларға қ а т ы с т ы қ о л д а н ы л м а ы д ы .

Кедендік төлемдерден, салықтардан толық босатыла отырып және тарифтік емес реттеу шаралары қолданылмастан уақытша әкелуге/уақытша әкетуге рұқсат етілетін тауарлардың тізбесі толығымен кеден ісі саласындағы халықаралық нормаларға сәйкес келеді ("Кеден рәсімдерін жеңілдету мен үйлестіру туралы халықаралық конвенциясы" (Киот конвенциясы), J Арнайы қосымша, 20-шы стандартты ереже).

Тауарларды халықаралық почта жөнелтімдерімен өткізудің шарттары мен нормалары "Дүниежүзілік почта одағының конвенциялары мен келісімдерінде (Пекин, 1999 жыл)" белгіленген халықаралық нормаларға сәйкес келеді.

Жеке тұлғалардың қызығушылығын тудыратын негізгі мәселе оңайлатылған, жеңілдетілген тәртіптер болып табылады. Кеден кодексіне және Қаулыға сәйкес тауарларды өткізудің жеңілдетілген тәртібі кедендік төлемдерден, салықтардан толық босатуды және тарифтік емес реттеу шараларын қолданбауды, ал оңайлатылған тәртіп тауарларды ресімдеу кезінде кедендік төлемдерді, салықтарды төлеуден, тарифтік емес реттеу шараларын қолданудан босатпастан кедендік рәсімдерді қолданудан босатуды (жеке тұлғаның тек кірістік кеден ордерін толтыруы) көздейді.

Сонымен бірге, жеке тұлға кедендік төлемдер мен салықтарды жиынтық кедендік төлем (бұдан әрі - ЖКТ) түрінде төлей алады.

Қаулымен ЖКТ ставкасын кедендік құннан 17 пайыз, бірақ 0,5 евро/кг-дан кем емес мөлшерде белгіленді, яғни кедендік құннан 2 пайызға тең+15 пайыз ҚҚС.

Бұл ретте ерекше жиынтық барлық тауарлар үшін бірыңғай болды.

ЖКТ-ны енгізу кедендік ресімдеу мен бақылау рәсімдерін жеңілдетуге және оңайлатуға, жеке тұлғаға кеден брокерінің қызмет көрсетуін және кедендік ресімдеу үшін алымдар төлеуде үнемдеуге мүмкіндік береді.

Солай бола тұрса да, жеке тұлға жеңілдетілген тәртіппен ЖКТ-ны қолданудан өз еркімен бас тартуға және кедендік ресімдеуді жалпыға бірдей белгіленген тәртіппен жүзеге асыруға құқылы.

17 пайыз, бірақ 0,5 евро/кг-дан кем мөлшердегі ЖКТ бұл ретте жеңілдіктер мен тауарларды ресімдеудің оңайлатылған тәртібін сақтай отырып кедендік төлемдер мен салықтарды алуды қамтамасыз етеді.

Жеке тұлғалар оңайлатылған тәртіппен өткізетін 07 және 08 тауар топтарына (көкөністер және кейбір жеуге жарайтын тамыр тұқымдары мен түйнек жемістер, жеуге жарайтын тұқымдар (жемістер) мен жаңғақтар; цитрустылардың немесе қауындардың қабықтары мен қыртыстары) салмақтық нормалардың 1000 кг-ға дейін өсуі аталған өнімдерді 200 кг-ға дейін өткізу тауарларды тасымалдауға және жүк кедендік декларацияны ресімдеуге байланысты үстеме шығыстарды ақтамайтындығына байланысты.

Қаулымен республиканың кедендік шекарасы арқылы тауарларды өткізудің жоғарыда аталған шарттарын қабылдау жеке тұлғаларға тауарларды кедендік ресімдеуге байланысты шығыстар мен уақытты неғұрлым қысқартуға мүмкіндік береді.

*Қазақстан
Қаржы*

*Республикасы
министрлігі*

Кедендік бақылау комитеті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ